

Е С Е Б І

Қабылбеков Сейілбек №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

1.2022-2023 оқу жылының 1 қыркүйегінде **«Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет»** атты 1 қыркүйек Білім күні мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті. Салтанатты іс-шара Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранымен басталды. Мектеп-гимназия директоры Р.Табылдиева сөз алып мерекелік іс-шараны ашып берді.

1 қыркүйек Білім күніне арналған мерекеге Абай ауылының әкімі Е.Абдирахманов және мектебіміздің қамқоршы кеңесінің төрағасы Б.Раймкулов «АМАНАТ» партиясы Келес аудандық филиалының атқарушы хатшысы Ахмет Жұмабеков құттықтады және ұлағатты ұстаздар қатысып мектеп табалдырығын аттаған кішкентай бүлдіршіндерімізді, мектеп оқушыларын, ұлағатты ұстаздарды білім күнімен құттықтап жана оқу жылына сәттілік тіледі.

2. 5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай **«Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі»** атты іс-шара ұйымдастырылды.

3. 06.09.2022 ж. «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында дүниежүзілік **«Денсаулық күнін»** өткізу іс-шарасы ұйымдастырылды.

4. 5 қыркүйек қазақ әліпбиінің негізін салған ғалым **Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыл** толған мерейтойына орай мектептің белсенді оқушылары №3 Ө.Молдағұлова атындағы жалпы білім беретін мектебіне челлендж жолданды.

5.№2 Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында **14 қыркүйек –Гиманзия күні** және мектебімізге есімі берілген белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, тарихшы –этнограф Ө.Жәнібековтың 91 жас мерейтойына орай 1а,1ә сынып оқушылары гимназия сыныбына қабылданды.

6. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында 2022-2023 оқу жылының **бірінші кезектегі ата-аналар жиналысы** өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер: 1.Мектептің ішкі тәртіп ережесімен таныстыру. (Баяндамашы мектеп директоры Р.Табылдиева) 2 Мектеп формасы (Баяндамашы мектеп директоры Р.Табылдиева). 3 Жалпыға міндетті білім жайлы. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы (Баяндамашы Н.Жолдыбай) 4.Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қозғалысы ережесі туралы (Баяндамашы ДТДЖО С.Қабылбеков) 5. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы (Баяндамашы кітапханашы Б.Абилмажинова. 6 Әртүрлі мәселелер.

7. 16.09.2022 ж. Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында **«Абайлаңыз балалар!»** акциясының іс-жоспарына сәйкес Жол ережесі бойынша **«Назар аударыңыз бағдаршам!»** атты тәрбие сағаты өтілді.

8. 16.09.2022 ж. Құқықтық сана қауымға пана» жоба аясында **«Құқықтық сауаттылық»** декадасының жоспарына сәйкес **«Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау»** мақсатында сауалнама алынды.

9.16.09.2022 **«Қыз Жібек» ұйымының жоспарына сәйкес 8-11 сыныптың қыздарымен жиналыс** өткізілді. Күн тәртібінде бірінші кезекте мектептің ішкі тәртіп ережесімен оқушы қыздарды таныстыру. Екінші мәселе бойынша **«Тазалық тәртіп*басты талап»**. Үшінші мәселе Психологиялық кеңестер.

10. 16.09.2022 ж. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Құқықтық мәдениет және жастар» тақырыбы бойынша 10 «В» сыныбында пікірсайыс өтілді.
11. 19.09.2022 ж. «Сұңқар» ер балалар ұйымының жоспарына сәйкес жиналыс өткізілді.
12. 19.09.2022 ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқымысты оқырман» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.
13. 21.09.2022 ж. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының іс-жоспарына сәйкес жол ережесі бойынша «Көшеде жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында 5 а сыныбында пікірталас өтілді.
14. 23.09.2022 ж. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Қазақстан болашағы-қазақ тілінде» тақырыбында 9-10 сыныптар арасында ой өрісті дамытуға, жан-жақты болуға, тіл ұшқырлығын жаттықтыруға бағыттайтын пікірсайыс дебат ойындары ұйымдастырылды. Айтулы іс-шарада жастар екі фракция болып бөлініп, жан-жақты пікір алмасып, ойларын анық жеткізе алды. Белсенділік танытып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен жастарға мектеп әкімшілігі атынан арнайы мадақтамалар табысталды.
15. 27.09.2022 ж. «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы өтілді.
16. 27.09.2022 ж. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының жоспарына сәйкес Жол ережесі бойынша «В гостях у светофора» тақырыбында 5 «Д» сыныбында тәбие сағаты өтілді.
17. 27.09.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияда Өзін өзі басқару ұйымының ПРЕЗИДЕНТІНЕ үміткерлер тағайындалды.
18. 28.09.2022 ж. Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Сыбайлас жемқорлықпен күрес –ортқ міндет» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді.
19. 28.09.2022 ж. Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Тәрбие тәртіптен басталады» тақырыпта 9 «Ә» сыныбында тәрбие сағаты өтілді.
20. 28.09.2022 ж. «Өмірдің күзі жылы болсын» 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған «Спорт жасқа қарамайды» тақырыбында дойбы, шахмат, волейбол спорттық ойындар ойнатылды.
21. 29.09.2022 ж. «Ұстаз-ұлы тұлға» атты ұстаздар мерекесіне арналған іс-шара жоспарына сәйкес 11 «В» сынып оқушылары ардагер ұстаздарды мерекемен құттықтады.
22. 29.09.2022 ж. «Өмірдің күзі жылы болсын» атты 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Ата –әулеттің тірегі, әде ұрпақтың жүрегі» атты мерекелік іс-шара өтілді.
23. 29.09.2022 ж. «Өмірдің күзі жылы болсын» атты 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Қарттарым –асыл қазынам» 2 «Б» сыныбында бейне интерактивті сабақ өтілді.
24. 29.09.2022 ж. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Адам құқығы мен бостандығын қорғау» тақырыпта 6 «А» сыныбында тәрбие сағаты өтілді.

25.30.09.2022 Өзін өзі басқару ұйымының белсенді оқушылары Келес ауданының тұрғындарына **«Жер салығы» мен «Мүлік салығын» төлеу бойынша челлендж**

Салық төлеу-әр азаматтың міндеті

Салықтан түскен каражат – мемлекеттік бюджеттің ең маңызды бөлігі.

Салықты халық төлейтіндіктен, ол тек азаматтар игілігіне мектеп, аурухана салынады, көпбалалы отбасыларға, табысынан айырылғандарға, мүгедектерге жәрдемақы төлеуге жұмсалады.

Сондықтан Келес ауданының тұрғындары **«Жер салығы» мен «Мүлік салығын» төленіздер!**

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназияның белсенді оқушылары Келес ауданының тұрғындарына осы челленджді жолдаймыз!!!

26. 05.10.2022 ж. **«Ұстаз-ұлы тұлға»** атты ұстаздар күніне орай өзін өзі басқару ұйымы ұстаздарды құттықтап, өздерінің гүл шоқтары мен тәттілерін беріп, ұстаздарды мерекемен қуантты.

27. 05.10.2022 ж. **«Мектеп парламент»** білім алушылардың өзін өзі басқару ұйымдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде жоғары сынып оқушылар арасында **«Мектеп парламентін»** сайлау өткізілді.

28.05.10.2022 ж. **«Ұстаз-ұлы тұлға»** атты ұстаздар күніне арналған іс-шара өтілді.

29.05.10.2022 ж. **«Ұстаздар күні»** мерекесіне орай 2022 жылдың 05 қазан күні **«Дублер күні»** өтті. Жоғары сынып оқушылары бір күн мектеп мұғалімдерінің жұмысын атқарды.

30. 14.10.2022 ж. мектеп кітапханасында **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында **«Ұлт ұстазы – А.Байтұрсынұлының 150 жасқа толуына** орай әдеби кеш өтілді.

31. 18.10.2022 ж. **«25 қазан Республика күні»** мерекесіне арналған оқушылар арасында спорттық іс-шаралар өткізілді.

32. 19.10.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназия коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханасында **25 қазан Республика күніне арналған челлендж** ұйымдастырылды.

33. 19.10.2022 ж. Республика күні **«Гимназия оқушылары диктант жазды. «Білім ордамыздың шәкірттері 25 қазан Республика күні мерекесіне арналған «Атамекен»** тақырыбында патриоттық диктант жазды. 9-10 сынып оқушылары жазу дағдыларын жетілдіріп, Отансүйгіштік тақырыбында ой қозғады.

34. 19.10.2022 ж. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай **«Менің арманымдағы Қазақстан»** тақырыбында эссе жазу конкурсы ұйымдастырылды.

35. 20.10.2022 ж. мектеп кітапханасында **«Менің Отаным – Қазақстан»** тақырыбында көрме ұйымдастырылды.

36. 19.10.2022 ж. Мектеп – гимназия оқушылары **танымдық экскурсия** жасады. 10 «А» сынып оқушылары Келес ауданы Абай ауылында орналасқан Ермек Байбеков саябағына танымдық экскурсия жасады. Жас шәкірттер табиғатты аялайық жобасын қолға алды. Оқушылар саябақты қоқыстан тазалауға өз үлестерін қосты. Алтын күз аясында естелікке суретке түсті. Еліміздің әрбір азаматы табиғатымызды, қоршаған ортаны қорғауы керек.

37.20.10.2022 ж. Мектеп-гимназия оқушылары экологиялық мәселелерге назар аударды. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназиясының өзін өзі басқару мүшелері қатысуымен **«Жаңа Қазақстан-Таза табиғат»** атты экологиялық науқан өткізілді.

Жастар ауыл тұрғындарын себепсіз коқыс тастаудан аулақ болуға түрлі химиялық жанғыш заттарды жағуға және ауа қабатына зиян келтіретін заттарды тұтынбауға шақырды. Мұндай акцияларды қоғам үшін маңызы зор. Сондықтан мектеп әкімшілігі аталған іс-шараны жыл сайын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

38. 20.10.2022 ж. 25 қазан –РЕСПУБЛИКА КҮНІ мерекесіне орай мектебімізде **«Патриотизм дауысы»** аясында мемлекеттік әнұран орындалды.

Бостандық пен еркіндіктің бастауы болып табылатын 25 қазақ –Республика күні құтты болысын! Қазақстанның тұрақты дамуы мен кемелденуі жолындағы жас шәкірттеріміздің барлық бастамалары сәтті болсын!

39. 21.10.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында саябақтарға, табиғат қорғау аймақтарына танымдық экскурсиялар, қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа және оның тұрғындарына ұқыпты қарау мәселелері бойынша дәрістер, сынып сағаттары өткізілді.

40. 28.10.2022 ж. 9 сынып оқушыларының қатысуымен **«Осы заманғы жастар түсінігіндегі құндылықтар»** тақырыбында Ақиқат клубының ұйымдастыруымен дебат өткізілді.

41. 04.11.2022 ж. Мектеп –гимназияның психологиялық қызметі бойынша **«Мектеп жүрегі –ұстаз»** атты педагог-психологтарымыз тренинг өткізді.

42. 08.11.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп –гимназиясында мектептегі жол қауіпсіздігін және өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында **«Абайлаңыз балақай!»** іс-шарасы ұйымдастырылды. Акцияны өткізу барысында балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп аумағындағы жолдарға мониторинг жасалды. Акцияның басты мақсаты – жол –көлік жаракаттануының алдын алу және жол –көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау.

43. 10.11.2022 ж. «Қылмыссыз балалық жас» айлығының іс-шара жоспарына сәйкес №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп –гимназиясында **«Аталар сөзі-ақылдың көзі»** атты іс-шара ұйымдастырылды. Онда бала тәрбиесіне жағымды әсер ету мақсатында **«Ардагерлер кеңесі», «Ата мектебі «Әже мектебі», «Әке мектебі»** мүшелерін тарта отырып оқушылармен кездесу өткізілді. Оқушыларымыз дана апа-аталарымыздың айтқан өсиет әңгімелерін қызыға тындап, асыл әжелеріміз қызықты мәліметтер алып, көтеріңкі көңіл күймен тарқасты.

44. 11.11.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында оқушылар арасында **«Балалар өкілі» сайланды.** Балалардың құқықтары мен заңды мүдделін қорғау, қоғам мен мемлекеті өміріне қатысуының өзекті проблемаларын шешуге қол ұшын созу, қоғамның және мемлекеттің игілігі үшін балалардың әлеуметтік бастамаларын және балалардың қоғамдық бірлестіктерін қолдау мақсатында Балалар өкілдігі сайланды. Айта кету керек еліміздегі мектептердің әрбірінде енді балалар өкілі болады. Мектеп оқушылары арасынан сайланатын балалар өкілі әр оқу ошағындағы балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысады.

45. 2022 жылдың 11 қараша күні Келес ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің Кәмелетке толмағандар арасындағы және кәмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жарияланған **«Қылмыссыз балалық жас»** тақырыбындағы айлық іс-шарасының жоспарына сәйкес мектеп-гимназияда **«Бала қауіпсіздігі – басты назарда»** тақырыбындағы жана форматта ата –аналар жиналысы өткізілді. Ата –аналар жиналысында **«Бір күн мектепте»** атты мұғалімдер тарапынан сахналық көрініс ұйымдастырылды. Онда назарға **«Ұл тәрбиесі», «Қыз тәрбиесі»,**

«Жыныстық тәрбие», «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу» барлық тақырып біріктіріліп көрсетілді.

46. 11.11.2022 ж. «Түнгі қаладағы балалар» атты рейдтік іс-шара өтілді. Онда балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз калуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасын алдан алу іс-шара өтілді.

47. 16.11.2022 ж. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп –гимназияның кітапханасында сыныптар бойынша «Кітапханадағы бір күнім» атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты оқушылар мен ұстаздарымыздың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

48. 16.11.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» айлық жоспарына сәйкес «Аутодеструктивті мінез құқықтың алдын алу», жасөспірімдердің ерекше жағдайын анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында психологиялық сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша арнайы сараптама жасалып, ата –аналарға ұсыныстар берілді. Мұндай үйлесімді жұмыстың негізгі міндеті –балаға қатысты толеранттылықты қалыптастыру, балалармен және ата –аналармен өзара қарым-қатынаста психологиялық күзіреттілігін көтеру болып табылады.

49. 16.11.2022 ж. білім ордамызда «Заң-Оқушы-Заман» тақырыбында тәрбие сағаттар, пікірталастар өтті. Сонымен қатар мектеп инспекторымен бірге 5-11 сынып оқушылары арнайы кездесті. Кездесу барысында қоғам өміріндегі өзнекті әселелер талқыланды. Айта кету керек аталған іс-шара адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық жоспарына сәйкес ұйымдастырылды.

50. 17.11.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында «Алтын күз» мерекесіне орай 8 сынып оқушылар арасында «Күзгі Ханшайым мен Ханзада» атты сайыс ұйымдастырылды.

51. 18.11.2022 ж. 8-11 сыныптар арасында «Респродуктивті денсаулық нашакорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салтын тақырыбында семинар ұйымдастырылды.

52. 20.11.2022 ж. «Тарих тағылымы» жобасы аясында ҚР рәміздеріне 30 жыл толуына орай «Қазақстан рәміздері –елдігімнің беелгісі» тақырыпта 5-10 сыныптар арасында ашық тәрбие сағаттары болып өтті. Ашық тәрбие сағаты барысында мемлекеттік рәміздер кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамас нышандары, ұлттық мақтанышы екені жайлы сөз қозғалды.

53. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету мақсатында «Ата –аналарға хат жазу» іс –шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық іс-шара жоспарына сәйкес өтті. Ата –аналармен байланыс нығая түспек. Олардың бала болашағына деген ықпалын арттыу қашан да маңызды.

54. 25.11.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты І айлық іс-шара кезінде «Девиантты мінез –құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар арасында 2-4 сыныптар арасында «1001 мақал» сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында танымдық процестерін дамытуға арналған жаттығулар, ойындар жүргізіліп, ерекше фарматта өткізілді. Жүлделі орын алған оқушылар марапатталып, қатысқан оқушылардың барлығына сыйлықтар табысталды. Мақсаты: оқушыларды әлеуметтік қолдау және психологиялық ахуалдарын жақсарту, танымдық әрекеттерін жақсарту.

55. 25.11.2022 ж. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 8-10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік биік болсын тұғырын» атты мектепішілік пікірсайыс

өтті. **Максаты** Оскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру. Оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу.

56. 25.11.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық жоспарына сәйкес «девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар 7 сыныптар арасында **«Рухани бай елдің ұрпағымын»** тақырыбында авторлық шығармалар сайысы өтілді.

57. 25.11.2022 ж. «Девиантты мінез – құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар арасында 8-9 сыныптар арасында **«Қылмыссыз жарқын болашақ»** тақырыбында 3 минуттық сахналық көрініс сайыстары ұйымдастырылып өтілді.

58. 01.12.2022 ж. «Жас Қыран» кемел келешек кепілі. Гимназиямызда 2 сынып оқушыларын Республикалық бірінгіай **«Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы** қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты жиын өтті. Жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

59. 01.12.2022 ж. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түзету-дамыту, психологиялық ағарту, **Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ**, Жеке және топтық психологиялық кеңестер мектеп психологтары ұйымдастырды.

60. 01.12.2022 ж. «Үнем-қоғам қуат» жобасы аясында «XXI ғасыр менеджері» атты 8 «Ә» сыныбында шеберлік сағаты өтілді.

61. 01.12.2022 ж. «Қыз Жібек» қыздар клубымен бірлескен **«Әдеп пен ар-ұят-қыздың көркі»** тақырыбында 7-10 сыныптар арасында қыздар жиналысы болып өтті. Максаты. Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу.

62. 02.12.2022 ж. **«Кибербуллинг»** Интернет желісін тиіді пайдалану мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

63. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша **«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы»** ой дамыту ойындары, спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

64. 05.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес **«Балалар қуанышы –ел қуанышы»** тақырыбында 4 «З», 4 «И» түзету дамыту сыныптарында **КВН конкурсы**, өнер сайысы ұйымдастырылды.

65. 05.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Балалар қуанышы ел қуанышы» **«Тәуелсіз елдің бақытты отбасы»** тақырыбында жайсыз отбасыдан шыққан, балалардың ата –анасымен әлеуметтік –психологиялық тренинг өткізілді.

66. 07.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың өзін өзі басқару ұйымы «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдары мүшелерінің ұйымдастыруымен **«Болашағың өз қолыңда!»** тақырыбында слайдтар, бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды.

67. 07.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында

құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Адал Ұрпақ» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен **«Ата –анаға және ұстазға құрмет»** тақырыбында пікірталас өткізілді.

68. 07.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Ақиқат» «Дебат қозғалысы» фракцияларының ұйымдастыруымен **«Жасөспірімдердің интернеттегі мінез құлқы және қарым қатынасы»** тақырыбында жобат жобасы өтілді.

69. 09.12.2022 ж. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында оқушылардың Республикалық бірінгай **«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы** қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. 5 сынып оқушылары «Жас Ұлан ББЖҰ қатарына қабылданды. Мектеп әкімшілігі оқушылардың «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларымен құттықтап, егеменді елемездің еңселі азаматтары болуларына тілек білдірді. «Жас Ұлан ұйымына қабылданған оқушыларға галстук тағу рәсіміне мектеп мұғалімдерімен қатар өзін өзі басқару ұйымы мектеп парламентінің президенті Б.Абдувахабов пен парламент мүшелері де қатысты. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, ат салысу міндеттелді. Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады.

70.09.12.2022 ж. **«Түнгі қаладағы балалар»** атты рейдтік іс-шара онда балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасын алдын алу мақсатында мектептің мобильдік топ мүшелері түнгі рейдке шықты. Рейд барысында ешқандай құқық бұзушылықтар орын алған жоқ.

71. 12.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында «Мектеп патрулі» жас инспекторларының ұйымдастыруымен әлімжеттіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ТҰХ жобасы негізінде **«Өзіңнен баста!»** ашық микрофон пікір алмасу өткізілді.

39.12.12.2022 «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен **«Сыбайлас – жемқорлықсыз болашақ»** тақырыбында 7-8 сыныптар арасында флешмоб ұйымдастырылды.

72. 12.12.2022 ж. 16 желтоқсан –Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған мерекелік атмосфера қалыптастырылды. Мектеп фойесі, дәліздер, сыныптар оқушылардың өз еңбегімен, қаржылық шығындарсыз мерекелік тақырыпқа сай безендіріліп, мерекенің ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Мақсаты: **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығын атап өту.** Оқушыларға Тәуелсіз Қазақстан Республикасының өткені мен болашағы, даму тарихы туралы мағлұматтар бере отырып, келешекке сеніммен қарауға, ұлтын сүйуге, қастерлеуге үйрету. Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

73. 12.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **«Тәуелсіздік –тірегім»** тақырыбында оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен челлендж ұйымдастырылды.

74. 13.12.2022 **«Тәуелсіздік бәрінен қымбат» «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай оқушылардың қатысуымен арнайы флешмоб ұйымдастырылды.

Алағатымыздың айшықты белесіне шыққан әрбір саналы азаматты «Отыз бір жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетіміздің нығайта түсуі үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырары анық. Осы тұрғыда алғанда, бұл арман мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серіппенмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді. Ой елегінен өткізетін маңызды мезет бүгінгі флешмоб та жастар бойында Отансүйгіштік қасиетті қалыптастырады деген үміттеміз.

75. 14.12.2022 ж. 9 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тақырыбында Ақиқат клубының ұйымдастыруымен дебат өткізілді. Дебат қатысушыларына белсенділігі үшін алғыс хатпен марапатталды.

76. 14.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мектеп кітапханасында көрмелер, тарихи сағат, танымдық кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға – апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге. Отанын қастарлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.

77. 14.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мектепте үздік оқушылардың жетістіктерін насихаттап, марапаттады.

78. 14.12.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп – гимназиясында Желтоқсан оқиғасына куәгер болған ұлағатты ұстаздармен кездесу өтті.

Ел егемендігінің 31 жылдығына орай өткен іс-шара ерекше форматта өтті. Жиынға кенестік империяның іргесін шайқалтқан қазақ жастарының толқуына қатысушылар қатысып, оқушыларға естеліктерімен бөлісті.

Тағылымды іс-шараға мектеп-гимназия директоры Табылдиева Райхан Молдабековна да қатысып кездесудің маңыздылығын атап өтті.

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанымызға биыл 31 жыл толып отыр. Осындай Мерейлі шақта еліміздің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген отандастарымызды ортақ мерекемізбен құттықтаймын! Ұрпақтарымыздың ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабаларымыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

79. 14.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мектеп ауласында еңбек ардагерлерінің, ата – аналардың және оқушылардың қатысуымен аға көшеттерін отырғызу, қоршаған ортаны тазарту жұмыстары ерікті түрде ұйымдастырылды.

Мақсаты: көшет егі жұмыстары арқылы балалардың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру.

80. 14.12.2022 ж. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Рухани танымды тәрбие күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез – құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін бос уақытын тиімді пайдаланып шахмат ойындары өткізілді.

81. 14.12.2022 ж. «Қылымыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспары бойынша «Рухани танымдық тәрбие» күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға бейнелеу өнерінің қыр сырын жан-жақты үйрету. Оларды дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. Өнерді құрмет түту, оған сүйіспеншілігін арттыру. Өнерге баулу, шығармашылыққа

тәрбиелеу.

82. 14.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған қайырымдылық іс-шаралар іске асырылды. Мектебіміздің қамқоршылық кеңесі мен өзін-өзі басқару ұйымы қайырымдылық істерде қашан да белсенділік танытады.

83. 14.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мереке –Тәуелсіздік күнін атап өтілді.

84. 15.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай 8 сынып оқушылары арасында «Мен өз елімді мақтан тұтамын!» және «МЕНИҢ ОТАНЫМ –МЕНИҢ ОТБАСЫМ» тақырыбында шығармалар жазылды.

85. 15.12.2022 ж. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай «Тәуелсіздік биік болсын тұғырын» тақырыбында 2-4 сыныптар арасында әндер байқауы ұйымдастырылып өтілді.

86. 20.12.2022 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында Келес аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысының тапсырмасына сәйкес «Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» Халықаралық акциясы бойынша іс-шараның ашылуы өткізілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған іс-шараға мектеп –гимназияның ұстаздары мен оқушылары толықтай тартылды.

Науканның негізгі мақсаты: қоғамның кез келген жағдайы мен орнындағы түрлі зорлық-зомбылықтың алдын алу. Зорлық –зомбылыққа қарсы іс-қимылдар мен шараларды таныстыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

«Зорлық –зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы біздік мектепте белгіленген жоспарға сәйкес әлі де жалғасады. Онда ұстаздарға, ата –аналарға, оқушыларға арналған тренинг, дөңгелек үстел, семинар т.б шаралар қамтылған. Іс-шаралардан күтілетін нәтиже: жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, отбасылық мораль мен гуманистік көзқарас қалыптастыру.

87. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құқықтың алдын алу мақсатында «Өнерлі жас» тақырыбы бойынша оқушылар арасында қол өнер сайысы өткізілді.

88. Жаңа жылдық ертенгілік. Жаңа жылдық ертенгіліктер 1-4, 5-11 сыныптарға жаппай 26-27-28-29 желтоқсан күні сабақтан тыс уақытта бекітілген кестеге сәйкес өткізілді.

89. 02.02.2023 жылы «Ержігіттің бойындағы қасиет» тақырыбында мектеп-гимназияның 8-11 сынып ұлдарының қатысуымен ұлдар кеңесінің кезекті жиналысы өтті. Жиналысты директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары С. Қабылбеков, Б.Садиева, психолог А.Жумалиева, денешынықтыру мұғалімі Ж.Абуталиев, ұйымдастырушы педогог Л.Айдосова, аға тәлімгер Х.Усипбекова ұйымдастырды. Психолог А.Жумалиева «Ержігіттің бойындағы қасиет» тақырыбында өз баяндамасын оқыды.

Баяндамада жігіттерге тән тамаша қасиеттер жайында баяндалды. Үлкендерге құрмет, кішіге ізет сынды, сонымен бірге өз еліне, жеріне, Отанына, халқына, ата-анаға, отбасына деген құрметті сезіну керектігіне тоқталды. Денешынықтыру мұғалімі Ж.Абуталиев сөз кезегін алып, жігіттердің бойындағы жақсы қасиеттердің көптігіне тоқталды.

Бабалардан қалған асыл сөздерді сарқып, жыр- мұраларды парактар болсақ, ер жігіт, ер азаматқа қатысты өте көп сын- сипатты ұшырастыруға болады. Ер азамат- елдің тұтқасын ұстайтын тұлға, Отаны мен отбасының қорғаны. Жігіт бойында табылатын жақсы қасиеттер жігітті қайсар, батыр, бірбеткей, намысты етіп көрсетеді. Жігіттің бойында табылатын қасиеттерді тізбектесек, қиялшылдық, әзілдесе алу, сенім, адалдық, жомарттық, әдемі киіне білу.

Гұлама ақын Абай атамyzдың «Бес нәрседен кашық бол, бес нәрсеге асық бол» өлеңін тілге тиек етіп, жігіттерді жақсыға жақын, жаманнан аулақ болуға шақырды.

Жиналыс соңында оқушылар сұрақтар қойып, өз сұрақтарына тиімді жауаптар алды. Жиналысты директордың тәрбие орынбасары С.Қабылбеков балаларға тәрбие жөнінде түсініктер беріп, қорытындылады.

90.10.02.2023 ж «ДЕБАТ» Жобасы Қазақ тарихындағы аса ірі тұлға, Алаш көшбасшысы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстары өз халқына аспанның асты мен жердің үстіндегі тұтас игіліктерге еншісі бар, Ертіс пен Еділдің, Арқа мен Алатаудың арасын жалғаған, атажұрттан мирас болып бұйырған ұлы даланың иесі ретінде сезінуге, осы идеяны санаға сіңіру үшін қалтқысыз қызмет қылды.

Алаш идеясы-қазақ халқын біріктіруші, мемлекетшілдікке бағыттаушы идея ретінде әрдайым қазақпен бірге жасайды.

Алаш-сөз бен істі, жоспар мен мақсатты ұйыстырып атқара білген, елдің бойына күш-қуат пен сенім берген жалпыұлттық идея.

№2 Ә.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында Ұлы тұлға Әлихан Бөкейханның туғанына 156 жыл толуына орай 9-10 сыныптар арасында пікірталас ұйымдастырылды.

Балалар қоғам қайраткерінің өмірімен, тарихымен, жасаған жұмыстарымен танысты, өте тартысты, қызықты пікірталас орын алды. Оқушылар көптеген қажетті мағлұматтар жинақтады.

Әлихан Бөкейханның “Қазаққа қызмет қылмай қоймаймын” деген рухты сөзін ұстансақ, ұлттық идеологиямыз мықты болмақ. Ал, ұлттық идеологиясы мықты елдің мемлекеттілігі мызғымайтын, тәуелсіздігі теңселмейтін жарқын болашағы болатыны хақ!

91.14.02.2023 Ауган соғысы... Ауган соғысының табиғаты да, тарихы да өзгеше.

Ауғанстан жеріндегі соғыс тарих беттерінде өзіндік із қалдырды. Ауған соғысына КСРО құрамына 22000 қазақстандық қатысты. 2238 күнге созылған соғыста 924 қазақстандық мерт болып, 1015 жауынгер мүтедек болып қайтты, 21-адам хабар-ошарсыз кетті. "Ерлік-жан дүниенің ұлы қасиеті", өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жауқазын жастық шағының сүбелі үлесін оқ пен от астында өткізген майдангер ағаларымыздың ерлігі мәңгі есте сақталмақ.

№2 Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін дәріптеу мақсатында **"Ауған ақиқаты"** тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Оқушыларға Ауған соғысы тарихынан түсініктер берілді, бейнеролик көрсетілді.

92.15.02.2023 ж Болашақ -білімді жастар қолында" тақырыбында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды.

Болашақтың кілті, елдің ертені - білімді жастар! Ұлы Абайдың: "Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен ғана озады"-деген сөздерін ұран еткен.

Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясының 8-сынып оқушылары арасында **"Болашақ -білімді жастар қолында"** тақырыбында интеллектуалды сайыс ұйымдастырылды. Сайыс 6-кезеңді қамтыды. Қойылған сұрақтарға оқушылар үш тілде жауап беріп, өз білімдерінің жоғары деңгейде екенін дәлелдеп берді. Үздік шыққан топ марапатқа ие болды. Осындай сайыстардың көптеп ұйымдастырылуы оқушылардың білімдерін ұштауға, топпен жұмыс жасауға зор мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Тәуелсіз еліміз қанатын кере жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі заманда тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақ, елімізді көкке көтереді. Қазақстанның жарқын болашағы тек білімді жастармен ғана қалыптаспақ.

93.02.2023 ж. №2 Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында ұстаздар арасында мектепшілік "Жаңашыл педагог" байқауы ұйымдастырылды.

Байқауда тәлім-тәрбиенің асыл қазынасын құйып, тәрбие мен білімнің алтын дінгегі, қоғамның ұлттық айнасына айналған үздік ұстаздарымыз бақ сынады. Білім берудегі өздерінің жаңалықтарымен бөлісті, өнерлерін ортаға салып, қойылған жағдаяттық сұрақтарға жауап берді.

Байқаудың Бас жүлдесін, яғни **"Жаңашыл педагог"** атағын математика пәнінің мұғалімі Орынбекова Ұлдана иеленді. Барлық ұстаздарымыз осы атқа лайықты екендіктерін дәлелдеп берді.

Байқау соңында сөз алған мектеп-гимназия директоры Табылдиева Райхан Молдабековна ұстаздарымызды бүгінгі жеңісімен құттықтап, марапаттарын тапсырды. Барлық ұстаздар қауымына қиын да, қызықты еңбек жолында қажымас қайрат, талмай ізденіс, білімді шәкірттер тәрбиелей берулерін тіледі.

Ұстаз сөзін айтып жүрдік ән қылып

Одан басқа жүрген кім бар жанды ұғып.

Ұстаз деген-ұлылардың ұлысы,
Қасиетіне бас иемін мәңгілік!
Құрметті шәкіртінің өзінен озғанын қалаған ұстаздар қауымы әрдайым
мерейлеріңіз үстем болып,еңбектеріңіз жана берсін!

94.21.02.2023 ж.№2 Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында **“Үнем-қоғам қуаты” жобасы аясында “Жарнама жасау өнері” байқауы** өтті. Байқауды өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері ұйымдастырды.Оқушылар арасында жарнамалау өнері жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді,байқау басқа сыныптар арасында жалғасын тапты.

21.02.2023 ж.Алғыс айту күні-сан түрлі сынақтардан өткен халқымыздың ынтымақ-бірлігін айғақтайтын ерекше күн. Алғыс айту күні-айтулы күн,ризашылық пен мейірімнің,бейбітшілік пен келісімнің үйлесім тапқан мерекесі.Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған **Республикалық “Алтын жүрек” челенджі №2** Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында жалғасын тапты.

Көктемнің алғашқы шуағымен бірге келетін Алғыс айту күні мерекесі құтты болсын!

Елімізден ырыс-ынтымақ,халқымыздан татулық-бірлік кетпесін!
Баршаңызға мың алғыс!

95.22.02.2023 ж “Дала данышпандары” Төле бидің 360 жылдығы,Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығы және Әйтеке бидің 340 жылдығына орай

№2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында **7-сыныптар арасында “Жігіт сұлтаны-2023 “ байқауы** болып өтті.Байқауда білімді,өнерлі,тапқыр жігіттеріміз бақ сынады.

Алтын Орда дәуірінен соңғы кезеңде үлкен Ұлыс ретінде біріккен Қазақ елінің туын тік көтеріп,мемлекет ретінде іргесін бекітуге аянбай атсалысқан ұлы тұлғалар-Төле би,Қазыбек би,Әйтеке бидің шешендік өнер шежіресінен,ой-толғауларынан,нақыл сөздерінен үзінділер оқып,көріністер қойды.

Байқау жоғары дәрежеде өтті.Өз білімімен,өнерімен,тапқырлығымен 7а сынып оқушысы Әмзе Әбілмансұр “Жігіт сұлтаны -2023” атанды.Барлық оқушылар жүлделі орындар иеленіп,марапаттарға ие болды.

96.22.02.2023 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында **“Дәстүр мен ғұрып” жобасы аясында “Ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдар”тақырыбындағы челлендж** ұйымдастырылды.

Ұмыт бола бастаған қазақ халқының ұлттық тағамдары насихатталды,түсінік берілді.Оқушылар әр тағамның құрамына талдау жасап,аттарын атап

берді. Ұлттық тағамдарды насихаттау мақсатында челленджді №2 Ә.Молдағұлова мектебіне жолдады.

97. 24.02.2023 ж. Мектеп-гимназияның әкімшілік қолдауымен психологиялық сүйемелдеу қызметі тарапынан аутодеструктивті мінез- құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында **"Жылу life" іс-шарасы** өтілді.

Барысында: мұғалімдермен арттерапия әдісі өтіліп, бастауыш сынып оқушыларының танымдық қабілеттерін арттырушы ойын-жаттығулар жүргізілді. Бітіруші түлектерімізге "ҰБТ-2023" тесті алдында жақсы ой, позитивті көңіл-күй сыйлау үшін "Тэдди аюлары" шақырылды.

Нәтижесінде: мұғалімдер жігерленіп, оқушылардың өмірге құштарлығы артты!

98. №2 Ә.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында **Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, есірткі мен нашақорлықтың аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу**, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында **"БІЗ ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫМЫЗ"** айлық акциясының ашылуына және іс-шараларына сәйкес **"АБАЙЛАҢЫЗ БАЛАЛАР", " НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЛАЛАР "** тақырыптарында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

99.01.03.№2 Ә.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында **"Азаматтық қорғаныс күніне"** ДАБЫЛ сигналы шалынып эвакуациялық жаттығуы жасалынды.

Мектебіміздің АӘТД-к пән мұғалімі ұстаздармен оқушыларға төтенше жағдайлар орын алғанда жағдайда жасалатын іс-әрекеттер жайлы түсініктер берді және сынып жетекшілер жаттығу соңында өз сыныптарына төтенше жағдайлар орын алған кезде жасалатын қауіпсіздіктер жайлы түсіндірме жұмыстарын жасады.

Мақсаты: Оқушыларға төтенше жағдайлар орын алған жағдайда жасалатын жаттығуларды меңгерту.

100.01.03.2023 ж. №2 Ә.Жәнібеков мектеп-гимназиясында 1 наурыз -Алғыс айту күніне орай **"Алғысым шексіз"** атты іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараға мектеп-гимназияның өзін-өзі басқару ұйымы, оқушылар белсене қатысты. Ұстаздар қауымын есік алдынан керемет көңіл күйде қарсы алып, алғыс сезімдерін білдірді, жақсы тілектерін айтып, тамаша көңіл-күй сыйлады, концерттік бағдарлама жасады. Алғыс айту күні-мейірімділік пен аккөңілділік, қолда бармен бөлісу, көмек көрсету сынды рухани дәстүрлер күні. Баршаңызды мерекемен құттықтаймыз, сіздерге алғысымыз шексіз!

101.03.03.2023 ж. 8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай 2023 жылдың 03 наурыз күні 9-10 сыныптар арасында **«Көктем Аруы-2023» байқауы** өткізілді.

Мақсаты: Қыз балаларға адамгершілік, адалдық, әсемдік, әдемілік, іс-қимыл, жүріс-тұрыс, қыз сымбаты түрлерін терең түсіндіре отырып, олардың өнерлерін, ұшқыр ойларын, іс-әрекетке деген икемділігін анықтап бағалау, одан әрі дамыту.

Біздің сұлу да сүйкімді, талантты қыздарымыз өз өнерлерін ортаға салды.

102.07.03.2023 ж. Аналарымыздың құрметіне №2 Ә.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында **8 «Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне** іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараған өзін өзі басқару «Мектеп парламенті» ат салысты. Ұстаз-аналарды гүлмен қарсы алып, тілектер айтып, керемет әсер қалдырды, концерттік бағдарлама жасап, ұстаздарымызға қуаныш сыйлады. Мерекелік кеште мектеп-гимназия директоры Табылдиева Райхан

Молдабеккызы ұстаздарды мерекемен құттықтап, ақ тілек білдірді. Барша аналарды, ару қыздарымызды мерекемен құттықтаймыз! Көңілдерге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, тағы да 8-наурыз халықаралық әйелдер күні келді. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар-өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі.

103.10.03.2023 ж Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған **“Қош келдің-әз Наурыз”** мерекелік онкүндік іс-шара жоспарына сәйкес Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында **“Таза табиғат”** акциясы ұйымдастырылды. Акцияға бастауыш сынып оқушылары, еріктілер қатысты. Мектептің айналасын тазарту жұмыстарын жүргізіп, көшеттер отырғызды, мектеп ауласының тазаруына өз үлестерін қосты. Наурыз-жаңару айы, тазару айы. Осындай игі істер бұдан сонда жалғасын таба береді.

104.14.03.2023 ж “Қош келдің -әз Наурыз” мерекелік іс шара жоспарына сәйкес атқарылып жатқан жұмыстар жалғасын табуда. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясының дене шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен **“Ұлы дала ойындары”** тақырыбында іс шара өтті. Іс шараның мақсаты: ұлттық спорт түрлерін насихаттау, қазақ спорт өнерін дамыту. Ұлт ойындары атадан-балаға, үлкеннен - кішіге мұра болып жалғасып отырған және халықтың дәстүрлі шаруашылығының, мәдени, өнер тіршілігінің жиынтық бейнесі болған. Қазақ халқы қашаннан ұлттық спорт түрлеріне бай халық, арқан тартыс, асық ату, жаяу жарыс, қазақша күрес, тоғызқұмалақ, бәйге, көкпар, жамбы ату, аударыспақ. Ойын-бала өміріндегі тәрбиенің шешуші шарты. Ұлттық ойындардың тәрбиелік мүмкіндіктері өте мол. Қазақтың ұлттық ойындарының көпшілігі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Ұлттық ойындар-ұлттық құндылығымыз, оны дәріптеу-біздің басты парызымыз!

105.14.03.2023 ж. №2 Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназияда **14-наурыз “КӨРІСУ” күні** аталып өтілді. Қазақ халқына берік орныққан бұл дәстүр жыл сайын жергілікті халық сағына күтетін бірден - бір салт болып отыр. Бұл күні бауырсақ, тәттілерді оқушылар мен мұғалімдер мектепке алып келіп, Көрісіп болған әр адамға “Бір жасыңмен”-деп тілек айтылды.

106.15.03.2023 ж. Ұлыстың Ұлы күні- Наурыз мерекесіне арналған “Қош келдің-әз Наурыз” мерекелік іс шара жоспарына сәйкес №2 Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында **“Салтым-асыл қазынам”** тақырыбында сыныптар арасында ашық сабақтар, тәрбие сағаттары ұйымдастырылуда. Іә сынып жетекшісі Ақбанбетова Зағипа апайдың жетекшілігімен аталмыш тақырыпта тәрбие сағаты өтті. Ата-аналармен бірлесіп, қазақ халқының салт-дәстүрлерін дәріптеу мақсатында салт-дәстүрлерден көріністер қойды, ұлттық ойындар ойнатылды. Оқушылар ән айтып, би биледі. Салт-дәстүріміз-біздің ұлттық құндылығымыз, асыл қазынамыз, баға жетпес байлығымыз! Асыл қазынамызды, байлығымызды құрметтей білейік!

107.16.03.2023 ж. "Қош келдің-әз Наурыз" мерекелік іс шарасы жалғасуда. **"Наурыз-тарту"** тақырыбында мектеп-гимназия ұстаздарының қатысуымен ұлттық тағамдар байқауы ұйымдастырылды. Байқауда қазақ халқының ұлттық тағамдары, ет тамақ, қуырдақ, бауырсақ, жент, шелпек, қымыз, қымыран, құрт, талқан, майсөк, ірімшік сынды тағамдар тартылды. Қазақ халқы ұлттық тағамдарға бай халық. Дастарханымыз дәмге, өміріміз сәнге толсын!

108.16.03.2023 ж. Наурыз-Жыл басы, береке бірліктің, ізгілік пен татулықтың, қайырымдылық пен кешірімділіктің, бауырмалдықтың мерекесі. №2 Ө.Жәнібеков мектеп-гимназиясында **Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесі** тойланды. Мерекедің ұлттық тағамдардан дастархан жайылып, салт-дәстүрлерден көріністер қойылды. Оқушылар әннен шашу шашып, мерекенің сәнін кіргізді. Ұстаздар **"Алтыбақан" ұлттық ойын-сауық ойындарына сахналық қойылым** қойды. Мектеп-гимназия директоры Табылдиева Райхан Молдабекқызы қонақтарды, ұстаздарды, оқушыларды мерекемен құттықтап, ақ тілегін арнады. Мерекеге жиналған қауым бір-біріне ізгі ниеттерін арнап, тілектерін білдірді. Наурыз-бақыттың бастамасы, ұлылықтың ұйытқысы, жақсының жаршысы, ынтымақтың белгісі, өмірге нұр сыйлаған, сезімге гүл сыйлаған, халық қастерлейтін мереке. Ұлыс оң болсын, ақ мол болсын!

109.17.03.2023 ж. Наурыз мерекесіне арналған **"КҮЙ КҮМБІРІ" республикалық домбырашылар челленджі №2** Ө.Жәнібеков атындағы мектеп-гимназиясында жалғасты. Қазақ халқының танымал «Балбырауын», «Адай», «Сарыарқа» күйлерін оқушылар нақышына келтіре орындады. Челленджі №3 Әлия Молдағұлова мектебіне жолдаймыз.

Қазақ халқының рухани дүниесінде күй өнерінің алатын орны ерекше. Күй-қазақ халқының рухани болмысының, мәдениетінің, дүниетанымының тұғыры биік асыл мұрасы. Халық күйлерінің әуендік сипаты, көркемдік образы, философиялық ой тереңдігі, халықтың талғамы мен танымының ерекшелігін көрсетеді.

110.17.03.2023 ж. Білім алушылардың көктемгі демалыс уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру бойынша жоспар құрылып бекітілді.

111.18.03.2023 ж. Наурыз мерекесін тойлау қарсаңында **«Наурызға шашу»** 5-10 сынып оқушылар арасында бата беру челленджі ұйымдастырылып өткізілді. Челлендж №3 Ө. Молдағұлова жалпы білім беретін мектепке жолданды.

Мақсаты: «Наурыз» мейрамы туралы түсінік беру арқылы қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу. Наурыз мерекесін ұлттық салт-дәстүрімізбен, әдет-ғұрпымызбен байланыстыра насихаттап, ұрпақтардың өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттыру.

112.20.03.2023 ж. Білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін ұйымдастырудағы **«Сынып жетекшісінің жұмыс жүйесі»** сынып жетекшілердің отырысы өткізілді.

113. 24.03.2023ж Келес ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің 2023 жылғы 24 наурыз №559 санды шығыс хатын негізге ала отырып, Кәмелетке толмағандар арасында, мектеп оқушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **Рамазан айына арнайы іс-шаралар жоспары жасалынып** бекітілді. Іс –шаралар жоспарының орындалуы қатаң бақылауға алынып, мешіттерде, азық-түлік дүкендерде, түнгі уақыттарды ата –анасыз тұрғын үй жайдан тыс жерлерде жүрген жасөсірімдерді анықтау жұмыстарын жүргізу үшін 2023 жылдың 24.03-20.04 күндері аралығында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырылды. Осыған байланысты сынып жетекшілер ата –аналармен тығыз байланыста болып, профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

114.24.03.2023 ж. Үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша сынып сағаттары оқушыларға су айдындарының жанында жүріс –тұрыс, жол ережелері, авто және теміржол көлігі маңында сақтық шараларын сақтау бойынша нұсқама жүргізу мақсатында профилактикалық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

115.25.03.2023 ж.«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен білім алушыларға онлайн кітап оқу ұйымдастырылды.

116.26.03.2023 ж. С.Торайғыровтың туғанына 130 жыл толуына орай «Сөз сұлтаны –Сұлтанмахмұт» 6 сыныптар арасында мәнерлеп өлең оқудан челлендж ұйымдастырып, өткізілді. Челлендж №3 Ә. Молдағұлова атындағы жалпы білім беру мектебіне жолданды.

117.27.03.2023 ж. Төртінші тоқсан басталғанына орай оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалап, формасы күнделікті тексерілді. Мектепішілік мектеп формасы, оқулық, суық қару т.б рейд ұйымдастырылды. Сонымен қатар тәрбиесінде қиындық тудыратын оқушылармен жұмыс жүргізілуде.

118. 14.04.2023 ж. «Әдет-ғұрып» жобасы аясында «Сырласайық сырғалым» байқауы өтілді.

119.02.05.2023 **«ӨНЕГЕЛІ БІР САҒАТ» ЖОБАСЫ: «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»** акциясы өтілді.

120.12.05.2023. **ОТБАСЫ – ОРТАҚ МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:**

«Бақытты балалық!» балалар күніне акция жарияланды.

121. **«ОТБАСЫ - МЕКТЕП» ЖОБАСЫ:** 15 мамыр – халықаралық отбасы күні

«Отбасыммен өткізген қуанышты сәттер» бейнетүсірілім байқауы өтілді.

29.04.2022 жылы 1 мамыр «Ұлттық Бірлік күніне орай «Қазақстан –бірлік пен татулықтың мекені» атты кеш ұйымдастырылды.

06.05.2022 жылы «Ұлы Отан соғысы жеңісіне 78 жыл» атты концерттік бағдарлама өтілді.

25.05.2022 жылы 11 сынып оқушыларының түлектеріне салтанатты жиын өтілді.

31.05.2022 жылы Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне тәрбие сағаты өтілді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:



С.Қабылбеков